



# Пайдаланушы нұсқаулығы

ААЖ «Kundelik-ББҰ»

облыстық және республикалық маңызы бар

қалалардың білім басқармасы ұйымының

қызметкерлері үшін

(рөлі

«Пайдаланушы»)

## Мазмұны

1. Жалпы ақпарат.....	3
2. ББҰ парақшасының бөлімдері.....	3
3. «Менің ұйымым» бөлімі.....	4
4. «Есептер» бөлімі.....	6
Пайдаланушыны қолдау.....	10

## 1. Жалпы ақпарат

АЖЖ «Күнделік-ББҰ» — Қазақстан Республикасының субъектілеріндегі білім басқармасы ұйымдарында (әрі қарай - басқарушы ұйым, ББҰ) білім беру көрсеткіштерін бақылауды, жинақтауды және талдауды автоматтандыру жүйесі.


«Күнделік-ББҰ» ААЖ-де ұсынылған барлық есептер Kundelik жүйесінде тіркелген ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында (әрі қарай - ББҰ) құрылған мәліметтер негізінде қалыптастырылады.

«Күнделік-ББҰ» ААЖ келесі функцияларды қамтиды:

- ұйым парақшасын Интернет желісінің барлық пайдаланушыларына қолжетімді, көпшілікке арналған веб-сайт ретінде пайдалану;
- «Күнделік» жүйесіне бағынысты білім беру ұйымдарының тізілімі; ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының тұлғалары мен пайдаланушыларының санына және олардың Күнделік жүйесіне кіру жиілігіне мониторинг жүргізу;
- білім беру ұйымдарындағы әртүрлі кәсіби санаттағы педагогтық қызметкерлер құрамына және рөліне мониторинг жүргізу;
- білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлгерімін бақылау;
- әртүрлі санаттағы пайдаланушылардың арасындағы желілік өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

## 2. ББҰ парақшасының ұйымдары

«Күнделік-ББҰ» ААЖ негізгі функцияларына қол жеткізу үшін жоғарғы мәзірдегі «Ұйым» қойындысын таңдау қажет (Сурет 1).



**Сурет 1 – Басқарушы ұйым парақшасына өту**

Желілік өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға арналған Ұйым парақшасының мәзірі келесі бөлімдерден тұрады:

- «Менің ұйымым»;
- «Хабарландыру».

«Кері байланыс» қосымша парағында байланыс мәліметтері және басқарушы ұйым басшыларының азаматтарды жеке қабылдау тәртібі туралы ақпарат болады. «Сұрақтар мен жауаптар» қызметі қосылған, оның көмегімен барлық Интернет желісінің пайдаланушылары жиі қойылатын сұрақтар мен оларға жауаптардың тізімін көру мүмкіндігі бар.

## 3. «Менің ұйымым» бөлімі

Ұйым парақшасы келесі қойындылардан тұрады:

- «Парақша»;
- «Құрылым»;
- «Адамдар»;
- «Құжаттар»;
- «Форум»;
- «Кері байланыс».

«Парақша» қойындысында ұйымның қысқаша сипаттамасы, байланыс ақпараты, жаңалықтар және оқиғаларды талқылауға арналған форум, интерактивті парақтар, хабарлама қабырғасы, ұйымның жетекшілері мен әкімшілерінің тізімі, сондай-ақ «Құжаттар» қойындысында файлдарға жылдам өту мүмкіндігі бар.

«Құрылым» қосымша парағында ұйымның құрылымдық бөлімшелері және ведомстволық бағынысты білім беру мекемелерінің тізімі туралы ақпарат орналасқан. Ұйымдар мен ББҰ атаулары «Күнделік» жүйесіндегі олардың парақтарына сілтеме болып табылады. Сол жақтағы блокта қызметкерлер туралы толығырақ ақпаратты көруге мүмкіндік беретін ұйым басшыларының жеке парақтарының тізімі берілген (Сурет 2).

**Оқу-ағарту министрлігі (тестовое)**

Парақша **Құрылым** Адамдар Құжаттар Форум Кері байланыс

Басшылардың парақшалары Қосу

**Бөлімшелер** Қосу

**Отдел воспитательной работы и соц. поддержки** Еденіңізді Түзету

Бөлімше басшысы **Ақжанай Сериковна Омарханова**

Қосымша ақпарат  
Работа отдела направлена на обработку обращений граждан для соц. поддержки.  
Мухамадиева Айгерим - ведущий специалист  
Ибатулданова Керим - ведущий специалист  
График работы: пн-пт с 09.00 до 18.00

Телефон 8-727-313-18-32

Email team@kundelik.kz

Құрылым Өзгерту

**Бөлімшелер** <sup>1</sup>

**Ведомстволық бағынышты ұйымдар** <sup>2</sup>

**Ведомстволық бағынышты мекемелер** <sup>22</sup>

Сурет 2 – «Құрылым» қойындысы

«Адамдар» қойындысында басқарушы ұйым парақшасының басшыларының, орынбасарларының және әкімшілерінің, сондай-ақ, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары қызметкерлерінің, білім алушылар мен олардың ата-аналарының құрылымдық тізімі бар. «Адамдар» бөліміне тек басқарушы ұйымның қызметкерлері қол жеткізе алады.

Қатысушылар санатын таңдау сол жақтағы блокта жүзеге асырылады. «Барлығы» санатын таңдаған кезде тізімде Күнделік жүйесінің тіркелген пайдаланушылары да, тіркеу кезеңінен өтпеген пайдаланушылар да көрсетіледі (Сурет 3).

**Ескерту:** тіркелген пайдаланушылардың аттары жасыл түспен белгіленеді және «Күнделік» жүйесіндегі олардың парақтарына сілтеме болып табылады.

Сондай-ақ, пайдаланушыны аты бойынша жылдам іздеу және сайтта бар пайдаланушыларды көрсету мүмкіндігі бар.

Оқу-ағарту министрлігі (тестовое)

Парақша Құрылым Адамдар Құжаттар Форум Кері байланыс

Барлығы  
Өз ұйымының қызметкерлері  
Басшылар  
Орынбасарлары  
Әкімшілер  
Районный отдел образования  
Басшылар  
Орынбасарлары  
Әкімшілер  
Барлық білім беру мекемелері  
Директорлар  
Орынбасарлары  
Әкімшілер  
Мұғалімдер  
Оқушылар  
Ата-аналар

Аты-жөні  
Табу

Адамдар саны: 42

Altynkul Junussova Bekturganovna  
Қызметкер, Мұғалім

Admin Kundelik  
Қызметкер, Мұғалім

Администратор kundelik.kz  
Қызметкер, Мұғалім, Директор орынбасары, Оқу ісінің меңгерушісі, Директор

Кармела Андреева Егоровна  
Қызметкер, Мұғалім

Эмиль Ахмедьянов Сабитович  
Қызметкер, Мұғалім

Сурет 3 – «Адамдар» қойындысы

«Құжаттар» қосымша парағы әртүрлі форматтағы файлдарды орналастыруға мүмкіндік береді. Интернет желісінің барлық пайдаланушылары бұл файлдарға қол жеткізе алады. Барлық файлдарды сол жақта орналасқан блокта көрсетілген папкалар бойынша құрылымдауға болады.

«Форум» қойындысы қызықты мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Форумды кез келген уақытта өңдеуге болады және ол бірнеше өзара байланысқан тақырыптардан тұруы мүмкін.

**Ескерту:** Әкімші рөлі бар қызметкерлер басқарушы ұйым парақшасының әртүрлі функцияларын орната алады. Функцияларды оңай қосуға және өшіруге болады - ешқандай деректер жойылмайды.

## 4. «Есептер» бөлімі

«Есептер» бөлімі «Күнделік-ББҰ» ААЖ қызметкерлеріне келесі есептерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Педагогтық қызметкерлерді аттестаттау.
- Білім беру мекемелерінің тізілімі.
- Білім беру мекемелері бойынша есептер.
- Kundelik.kz белсенділік.

«Педагог қызметкерлерді аттестаттау» есебі әртүрлі кәсіптік санаттардағы және білім беру ұйымдарындағы рөлдердегі педагог қызметкерлері құрамының сандық сипаттамаларын алуға мүмкіндік береді (Сурет 4). Мұғалімнің әртүрлі рөлдері мен санаттары бойынша қарап шығуды баптау мүмкіндігі бар.

### Педагог қызметкерлерді аттестаттау

<p>Есеп беру аумағы</p> <p>Test region</p> <p>- Райондар -</p> <p>- Мекемелер типтері -</p> <p>- Білім беру мекемелері -</p>	<p>Есеп беру параметрлері</p> <p>Рөлдер</p> <p>Санат</p>	<p><input type="checkbox"/> Директор</p> <p><input type="checkbox"/> Оқу ісінің меңгерушісі</p> <p><input type="checkbox"/> Директор орынбасары</p> <p><input type="checkbox"/> Мұғалім</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> педагог</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> педагог-сарапшы</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> педагог-шебер</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> 1-санат</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> санатсыз</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> педагог-модератор</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> педагог-зерттеуш</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> ең жоғарғы</p> <p><input checked="" type="checkbox"/> 2-санат</p>
--	--	---

[Таңдау](#)

Сурет 4 - «Педагог қызметкерлерді аттестаттау» есебі


«Білім беру мекемелерінің тізілімі» есебі барлық ведомстволық бағыныстағы ББМ туралы келесі ақпаратты қамтиды (5-сурет):

- білім беру мекемесінің типі;
- ұйымдық құрылымы;
- мекен-жай;
- басқарушы / басшы Аты-жөні;
- байланыс деректері;

- лицензия туралы ақпарат;
- мемлекеттік аккредитация туралы куәлік деректері.

Есеп көрсетілудің 2 формасына ие, олардың біреуін таңдау **«Барлық ББМ бойынша»** және **«ББМ типтері бойынша»** қойындыларын ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Есепті экспорттауға болады.

Экспорттау үшін  белгісіне басу қажет.



The screenshot shows the 'Күнделік' web application interface. At the top, there is a navigation bar with 'ҰЙЫМ', 'ПАРАҚША', 'ТІЛДЕСУ', and 'БАҒДАРЛАМАЛАР'. Below it, there are search and user profile options. The main content area is titled 'Білім беру мекемелерінің тізілімі'. It features a dropdown menu for 'Ұйым' (Organization) set to 'Білім министрлігі (тестовое)'. Below this, there are several filter dropdowns: 'Есеп беру аумағы' (Test region), '- Аудандар -' (Districts), '- Мекемелер типтері -' (Institution types), and '- Білім беру мекемелері -' (Education institutions). A 'Таңдау' (Select) button is present. At the bottom, there are two tabs: 'Барлық білім беру мекемелері бойынша' (By all education institutions) and 'Типтер бойынша білім беру мекемелері' (By institution types).

Барлығы 24 ББМ


	Білім беру мекемесінің атауы	Білім беру мекемесінің типі	Ұйымд. құрылым	Мекен-жай	Басшы	Байланыстар	Лицензия туралы ақпарат	Мемл. аккредитация туралы куәлік
1	«Костанайский педагогический колледж»	Жалпы орта білім беру ұйымдары	Дербес мекеме	Пошталық мекенжай: kost_kpk@edu.mail.kz Негізгі ғимарат: kost_kpk@edu.mail.kz	деректер жоқ	Телефон: 8 (7142) 26-36-44	деректер жоқ	деректер жоқ
2	DSS	Жалпы орта білім беру ұйымдары	Дербес мекеме	Пошталық мекенжай: . Негізгі ғимарат: .	Леви Гавриил Давидович	деректер жоқ	деректер жоқ	деректер жоқ


Сурет 5 - «Білім беру мекемелерінің тізілімі» есебі

«Білім беру мекемелері бойынша есептер» ведомстволық бағынысты ББМ туралы келесі ақпаратты ұсынады (Сурет 6):

- ұйым туралы;
- оқушылар мен қызметкерлер тізімі;
- оқушылардың ауысуы;
- үлгерімі;
- сабаққа қатысуы;
- бағалар статистикасы;
- орташа балл;

- ҮТ орындау уақыты;
- Әкімшілік: Сабақтарды болдырмау және алмастыру;
- ЭЖК жүргізу статистикасы;
- Kundelik.kz белсенділік;
- Өзгертулер тарихы: Журнал.


 белгісіне басып есепті экспорттауға болады және «принтер» белгісіне басу арқылы басып шығаруға болады.



The screenshot shows the Kundelik website interface. At the top, there is a navigation bar with the logo and user information (Omarhanova A.S., Qaz, Qyzmetker). Below the navigation bar, there are tabs for 'ҰЙЫМ', 'ПАРАҚША', 'ТІЛДЕСУ', and 'БАҒДАРЛАМАЛАР'. The main content area is titled 'Білім беру мекемелері бойынша есептер'. There are several dropdown menus for filtering the report: 'Есеп беру аумағы' (Test region), 'Test city', 'Жалпы орта білім беру ұйымдары' (№1 Мектеп-гимназия), and 'Білім беру мекемесінің есебі' (- Есептер -). A dropdown menu is open, showing a list of categories including 'Ұйым туралы', 'Тізімдер: Оқушылар', 'Тізімдер: Қызметкерлер', 'Оқушылардың ауысуы: Ақпар', 'Оқушылардың ауысуы: Келгендер', 'Оқушылардың ауысуы: Кеткендер', 'Үлгерімі: Мектеп', 'Үлгерімі: Сыныптар', 'Үлгерімі: Оқушылар', 'Үлгерімі: Сынып жетекшісіне', 'Үлгерімі: Пән бойынша мұғалімге', 'Сабаққа қатысу: Ақпар', 'Сабаққа қатысу: Мектеп', 'Сабаққа қатысу: Сыныптар', 'Сабаққа қатысу: Сынып жетекшісіне', 'ҮТ орындау уақыты: Мектеп', 'ҮТ орындау уақыты: Сыныптар', 'Әкімшілік: Сабақтарды болдырмау және алмастыру', and 'Әкімшілік: Шығарды білім туралы құжаттар'. There are also links for 'Актілер' and 'Пайдаланушылық келісім'.

Сурет 6 – «Білім беру мекемелері бойынша есептер»

«Kundelik.kz белсенділік» есебі басқарушы ұйымның қызметкерлеріне бағынысты ББМ тұлғалары мен тіркелген пайдаланушыларының саны және олардың Күнделік жүйесіне кіру жиілігі туралы статистикалық мәліметтерді алуға мүмкіндік береді (Сурет 7). Жеке білім беру мекемесінің есебі пайдаланушының белсенділігі туралы толық статистикалық ақпараттан тұрады.

Есеп көрсетілудің 2 формасына ие, олардың біреуін таңдау «ББҰ бойынша» және «Барлық ББМ бойынша» қойындыларын ауыстыру арқылы жүзеге асырылады.  белгісіне басып есепті экспорттауға болады және «принтер» белгісіне басу арқылы басып шығаруға болады.



## Активность в Kundelik.kz

Ұйым

Білім министрлігі (тестовое)

[Есептің қалай құрастырылатындығын білу](#)



Есеп беру аумағы

Test region

- Аудандар -

- Мекемелер типтері -

- Білім беру мекемелері -

Таңдау

Білім басқармасы

Барлық білім беру мекемелері бойынша

Барлығы 2 муниципалитет

	Облыстық маңызы бар аудан/қала	Пайдаланушылар									Кірістер		
		Барлығы	Пайдаланушы	%	Қызметкерлер		Оқушылар		Ата-аналар		Күн	Апта	Ай
					Барлығы	Пайдаланушы	Барлығы	Пайдаланушы	Барлығы	Пайдаланушы			
1	Test city	1772	1056	59	600	527	872	373	357	203	12	263	883
2	test city	1692	448	26	481	333	992	89	225	32	7	90	290
	<b>Барлығы</b>	<b>3464</b>	<b>1504</b>	<b>43</b>	<b>1081</b>	<b>860</b>	<b>1864</b>	<b>462</b>	<b>582</b>	<b>235</b>	<b>19</b>	<b>353</b>	<b>1173</b>

Сурет 7 - «Kundelik.kz белсенділік» есебі

## Пайдаланушыларды қолдау

Kundelik.kz пайдаланушыларды қолдау порталында кез келген сұрақтарға жауап табуға, сондай-ақ өтінім қалдыруға болады.

[Басты | Қолдау қызметінің порталы](#)